

"Жер қатынастары саласындағы мемлекеттік қызметтерді көрсету жөніндегі қағидаларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 1 қазандағы № 301 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2021 жылғы 30 наурыздағы № 95 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 30 наурызда № 22424 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Жер қатынастары саласындағы мемлекеттік қызметтерді көрсету жөніндегі қағидаларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 1 қазандағы № 301 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21366 болып тіркелген, 2020 жылғы 9 қазанда Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне жарияланды) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Жер учаскесінің сапалы жағдайы туралы мәліметтер беру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларында:

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Қызмет берушінің қызметкері жер учаскесінің сапалық жай-күйін анықтау үшін қабылданған құжаттарды 15 (он бес) минут ішінде жерді зерттеп-қараумен айналысатын құрылымдық бөлімшеге (бұдан әрі – ҚБ) жолдайды."

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің Жер ресурстарын басқару комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты алғашқы ресми жарияланғанынан кейін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі

С. Омаров